

**III апта (14-18 наурыз, 2022 жыл)  
№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

**Апталық тақырып: «Әжеге қонаққа барамыз»**

**Мақсаты:** Балаларды 8 -наурыз Халықаралық аналар мерекесі туралы түсінік беріп және мерекелік көңіл күй сыйлау. Театр әлемі, ертегілер еліне саяхат жасау арқылы балалардың сахналық қойылымға деген қызығушылықтарын арттырып, ертегі түрлерімен таныстыру.

**Міндеттері:**

-ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;

-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 14.03.2022</b>	<b>Сейсенбі 15.03.2022</b>	<b>Сәрсенбі 16.03.2022</b>	<b>Бейсенбі 17.03.2022</b>	<b>Жұма 18.03.2022</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалармен амандасу, балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтарын тексеру. Денсаулықтарын тексеру. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Ата-аналарға балаларды таңертеңгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әжелулерін сұрау.				
<b>Ата – аналармен кенес, әңгімелесу</b>	Ата аналармен амандасу. Уақытылы алып кетулерін сұрау.				
<b>Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)</b>	<b>Дидактикалық ойын: "Ғажайып сағат".</b> <b>Мақсаты:</b> жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы іс-әрекеттер жасауға үйрету.	<b>Қимылдық ойын: "Дәл тигіз".</b> <b>Мақсаты:</b> допты лақтырған кезде дәл тигізуге үйрету. Мергендікке, жылдамдыққа, кеңістікті бағдарлауды дамыту.	<b>Дидактикалық ойын: "Оң және сол".</b> <b>Мақсаты:</b> үлкен және аз заттарды ажыратуға үйрету.	<b>Қимылдық ойын: "Түлкі мен әтештер".</b> <b>Мақсаты:</b> еркіндікте тәрбиелей отырып, қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа үйрету.	<b>Дидактикалық ойын: "Не жоқ?".</b> <b>Мақсаты:</b> ойынды ойыншықтармен ойната отырып, балалардың ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Таңертеңгілік жаттығу кешені «Әуенмен»</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету.				
<b>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық</b>	<b>Қимылды ойын: «Шар жарылды».</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың ойынға қызығушылығын ояту, ептілікке тәрбиелеу.	<b>Дидактикалық ойын: Мақсаты: "Ғажайып сағат".</b> <b>Мақсаты:</b> жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы іс-әрекеттер жасауға үйрету.	<b>Қимылды ойын: "Тышқандар".</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды ептілікке, кедергілерден өтуге үйрету.	<b>Саусақ ойыны: "Кірпі" жаттығуы.</b> <b>Мақсаты:</b> Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла,	<b>Қимылды ойын: "Бақа, бақа балпақ".</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың ептілігін, шапшаңдығын дамыту.

				(екі қолының саусақтарын айкастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолына, Өкпелеме жарай ма?	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p>«Таным» Жаратылыстану Тақырыбы: «Наурыз келді» Мақсаты: Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру, мерекелік тілектер, дәстүрлер туралы түсінік беру, балаларды халқымыздың салт – дәстүрлерін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>«Шығармашылық» Жапыру Тақырыбы: «Әжемнің құрағы» Мақсаты: Геометриялық пішіндерден өрнектер құрастырып, әжейдің құрағына орналастыру әдістерін үйрету; элементтердің бірізділігі мен арақашықтығын сақтау.</p> <p>Әдіс тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: «Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды</p>	<p>«Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Ж.Қалжанова Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Музыкалық – ырғақты кимыл: «Гүлдер биі» «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Киіз үйге әжеге қонаққа келу» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Тапсырма арқылы жүгіру домалаған заттарды қуып жету. «допты қуып жету». Екі сызықтан аттап өту</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әлди, әлди - ай» Мақсаты: Балаларға бесік жырын айтуда, сөйлеу тілін, мазмұнын тақпақпен жеткізуде белсенді сөздік қорын дамытып, қуыршақтың артистік қимылын көрнекі мысалмен келтіріп қызықтыру. Ойыншықтарды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жақын адамдарына деген мейірімді қарым-қатынас жасауға көмектесу.</p> <p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Әженің тостағанын әшекейлеу» Мақсаты: Бір сызық бойымен саусақпен тостағанды әшекейлеу, жалпы баланың ұсақ қол моторикасын дамытып, педагогтың көрсеткен әдісі бойынша жасай білуге үйрету арқылы сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Әдіс тәсілі: көрсету,</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті ақ әжем» «Жайлауда» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60 м« баяу қарқынмен жүгіру. Ені 10 см болатын жолдан секіру. « Ордан секіріп өту» бір біріне кедергі жасамай, хабарлай отырып ойнауға тәрбиелеу. Шыдамдылықты дамыту.</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті ақ әжем» Мақсаты: (Әжесімен бірге ойнау ) Заттарды айнала отырып жүру 60 м баяу қарқынмен жүру, екі сызықтан аттап өтуге үйрету.</p> <p>«Таным» Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі – түсті асықтар» Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын құралы асықпен таныстыру, оларды түстеріне қарай топтастырып, орналастыруға үйрету.</p> <p>Әдіс тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: «Телефон» Мақсаты: Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты сөйлеуді</p>

	тыныс алуға үйрету.		шешу, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, сұрақ жауап, мадақтау. <b>Қажетті құрал жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер <b>Дидактикалық ойын:</b> «Зат неге ұқсайды?» <b>Мақсаты:</b> Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.		қорын молайту.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс ( көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету.				
<b>Серуен</b>	<p><b>1. Бақылау:</b> Көктем мезгілін бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңындағы тасты жинату.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Жалаушаға қарай жүгір».</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың жылдамдығын арттыру.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Алпамыстан өткен өлең жолдарын сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Жолдағы көліктерді бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Құстарды бақылап, оларға жем беру.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Маған қарай жүгіріндер».</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Зереден түстерді үш тілде сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Аспанды бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңын тазалау</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Қақпан».</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды шапшаңдыққа үйрету.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Батырханнан көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Ауа райын бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Алаңдағы қоқыстарды жинау.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Жапалақ».</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды аңғарымпаздыққа үйрету.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Камиладан өзі білетін тақпағын сұрап,айтқызу.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Бұлттарды бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> "Күн мен түн".</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Әділханнан күн режимі туралы сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау.				
<b>Түскі ас</b>	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Асты төкпей, мұқият				

	ішуге дағдыландыру. "Рахмет" сөзін айтқызу.				
<b>Түскі ұйқы</b>	Балаларға ертегі айта отырып ұйықтату.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу.				
<b>Бесін ас</b>	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру.				
<b>Ойындар, дербес әрекет.</b>	<b>Сюжеттік ойын:</b> "Шаштараз". <b>Мақсаты:</b> әр мамандықтық иелерін құрметтеуге үйрету.	Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту.	<b>Дидактикалық ойын: "Ғажайып сағат".</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды мейірім мен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	<b>Қимылдық ойын:</b> «Үлкен шар». <b>Мақсаты:</b> балаларды ойынға қызығушылығын арттыру.	Өтілген әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Ағыланмен жеке жұмыс жүргізу.	Асмадан ертегіден түсінгенін сұрау.	Рауаннан қимыл-қозғалысын арттыру мақсатында қимыл жаттығуларын жасау.	Асылымнан өткен тақпақтарды сұрау.	Айбардан түстерді үш тілде сұрау.
<b>Серуенге дайындық</b>	Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
<b>Серуен</b>	<b>1. Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Күн мен түн». <b>Мақсаты:</b> балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. <b>3. Еркін ойындар</b>	<b>1. Бақылау:</b> Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Ақ қоян». <b>Мақсаты:</b> Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту. <b>3. Еркін ойындар</b>	<b>1. Бақылау:</b> Айналада жүрген құстарды бақылау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар мен мысық». <b>Мақсаты:</b> балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. <b>3. Еркін ойындар</b>	<b>1. Бақылау:</b> Көктемгі ауа- райын бақылау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Мысық пен тышқан». <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. <b>3. Еркін ойындар</b>	<b>1. Бақылау:</b> Желді бақылау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Сұр көжек жуынып жатыр». <b>Мақсаты:</b> Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту. <b>3. Еркін ойындар</b>
<b>Балалардың үйіне қайтуы.</b>	Үлкен, кіші мағынасын балаларға үйдегі немесе үйге барар жолдағы заттарды көрсете отырып	Ата-аналарға "Аналар мерекесіне" арналған өлең жолдарын үйден қайталауларын сұрау.	Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну.	Ата-аналарға ұйықтар алдында ертегі оқуларын ескерту, кеңес беру.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеп, үйлеріне шығарып салу.

